



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Рим құқығында 7 жасқа дейін (infantes) балалар толық әрекетке қабілетсіз, 7 жастан 14 жасқа дейін (қыз бала 12 жасқа дейін) – impuberes дербес мәміле жасай алатындар, міндет орнатпайтын әрекеттер деп танылды. Жасы 14 тен (қыз бала 12 ден) 25 жасқа дейін тұлға жеке құқық саласында толық әрекетке қабілетті деп танылды. Сондай – ақ әрекетке қабілеттілік шектелетін болды. Заңды тұлғалар. Ежелгі Римде құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар мен қоса белгілі ұйымдар танылды. Қайнар көздер мүлікті шоғырландыратын мемлекеттік қазынаны (aerarium populi romani) заңды тұлға ретінде көрсеткен, сонымен қоса қалалық қауым муниципия (municipii), діни бірлестіктер (collegia sodalicia) жатты.

Сонымен қорыта, келе азаматтық құқық – Қазақстан Республикасы құқығының саласы. Ол азаматтық құқықтық қатынастар деп аталатын қатынастарды реттейді. Азаматтық құқық нормалармен реттелген қатынастар оның мәнін құрайды. Заттарды сатып алу-сату, сыйлау, заттарды (меншікті) иемдену мүліктік қатынастар.

Сонымен, азаматтық-құқық қатынастарға жеке, заңды тұлғалар қатысады. Сонымен бірге мемлекет, әкімшілік-аумақтық бірліктер де оған қатысушылар болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлға ретінде танылады. Тұтастай алғанда, азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың (субъектілердің) бәрі құқықтарға ие болу мен міндеттемелер атқару мүмкіндіктері бойынша тең болады.

Субъектілер құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігіне ие болғаннан кейін азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысады. Құқық қабілеттілігі азаматтық құқықтарға ие болу және міндеттемелерді алу қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі.

Адамның өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарды алу және жүзеге асыру, өзіне азаматтық міндеттерді белгілеу және оны орындау қабілеті әрекет қабілеттілігі деп аталады. Ол толықтай көлемінде кәмелеттік жасқа, яғни он сегіз жасқа толғанда туындайды.

Ежелгі Рим құқығындағы және Қазақстандағы адамдардың құқық қабілеттіктерінің ұқсастығы екі кезеңдеде адам дүниеге келгеннен бастап қайтыс болғанға дейін жүзеге асады.

Сонымен қатар ежелгі Рим құқығы да Қазақстан құқығы да әдет-ғұрып нормаларын құқықтың қайнар көзі ретінде таниды. Рим қоғамында әлеуметтік теңсіздікке байланысты белгілі бір дәрежеде шектеулер болса, мысалы Рим құлдар мен латындар құқық қабілеттілікке ие болмаса Қазақстан қоғамында барлық азаматтар құқық қабілеттілікке ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Братусь С.Н. Субъекты гражданского права. М., 1950. С. 6.
2. «Қазақстанда Республикасы азаматтық құқығы» Тілеуғалиев Ғ.И., Алматы, 2001 жыл
3. Тілеуғалиев Ғ.И. Азаматтық құқық. Том-1. Қаз ГЮА. 2001
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеті мен Құқығының негіздері Алматы – 2003 жыл.
5. "Гражданский кодекс Российской Федерации (часть первая)" от 30.11.1994 N 51-ФЗ (ред. от 22.10.2014) (с изм. и доп., вступ. в силу с 02.03.2015)
6. «Құқық негіздері» оқулық Алматы «мектеп» 2006

ӘОЖ 347 961 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАНЫ ДАМУ

Бауыржанқызы Айгерім
lunebelle@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультеті, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының II курс магистранты, Астана

Біздің мемлекетімізде саяси және экономикалық өзгерістер қайта айналмайтын сипат қабылдады. Өткізілетін реформалар болашақта құқықтық мемлекетті құрауға бағытталған құқықтық жүйені болжамдауға жаңа амалдар жасады. Осындай реформалардың бірі нотариат жүйесін де қозғады.

Қазақстан Республикасындағы нотариат – құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйе. Оның қоғам өмірінде алатын орны зор, себебі Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі [1]. Нотариат жүйесін реформалау жекеше нотариус секілді құқықтық институттың пайда болуына әкеліп соқты. Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 14 шілдесінде қабылданған «Нотариат» туралы заңға сәйкес нотариаттық құрылымдық негізінің өзгеруін ескере отырып, өзгерістер еніп, мемлекеттік нотариустармен қатар жекеше нотариустар институты да қалыптаса бастады. Бұл жүйенің пайда болуына себеп болған, еліміздің экономикасындағы күрт өзгерістер, атап айтқанда елімізде 1992 жылдан бастап мемлекеттік мүліктерді жекешелендіру процесі қарқынды дамуына байланысты жеке меншік ұғымы пайда бола бастап, соның нәтижесінде жекеше нотариустарға деген қажеттілік туындады [2]. Осы сәттен бастап мемлекеттік нотариаттан әлемнің көптеген елдерінде қалыптасып кеткен өз-өзін қаржыландыратын жекеше нотариатқа өту кезеңі басталды. Бұл өзгеріс Қазақстан Республикасында нотариаттың мәртебесін өзгертуге айтарлықтай мүмкіндік туғызды. Аумақтық нотариаттық палаталардың сәтті қызмет етуі, мемлекетімізде нотариаттық палаталардың құрамымен өтетін жалпы жиналыстарда жарғыны қабылдау, жекеше нотариустармен нотариаттық мәмілелерді жасау санының өсуі, жекеше нотариаттық кеңселерге жеке тұлға мен заңды тұлғалардың көп баруы, Республикалық нотариаттық палатаны құрау, нотариустың ар кодексін қабылдау және тағы да сол сияқты әрекеттер қазіргі таңда өзінің қалыптасқан инфраструктурасы бар берік институт болып қалыптасқан жекеше нотариаттың дамуына зор үлесін тигізді.

Алайда осы құқықтық институттың әрі қарай дамуына және бекемделуіне кері әсерін тигізетін бірнеше мәселелер бар. Осындай мәселелердің қатарына нотариаттың іс-әрекетін қадағалайтын нормативтік құқықтық актілердің жетілмегендігі жатады. Тәуелсіз нотариустардың қызметін бақылайтын көптеген мәселелер әлі күнге дейін шешілмеген. Бұған себеп – соңғы он жылдың ішінде Қазақстандағы заң шығарушылықтың қарқынды дамуы, ол өз кезегінде тәжірибелік қызметте заңның қолданылуын белгілі бір жаңсақтыққа әкеліп соқтырды. Тағы да қиындықтарды туғызатын себептердің бірі болып ол қазіргі таңда қолданылып жүрген нормативтік актілердің бұрын қабылданған актілермен жиі сәйкестендірілмеуі болып табылады [3]. Бұл нормативтік актілердегі кемшіліктер мен дәлсіздіктер тек аумақтық органдармен, яғни нотариаттың іс-әрекетін қадағалайтын органдар: әділет басқармасы мен нотариаттық палаталармен қарым-қатынаста мәселе туындатып қана қоймай, сондай-ақ осы органдар мен нотариустардың арасында дау туғызады. Сол себептен, жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін нотариаттардың сұрақтарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мен өңдеуді қайта жалғастыру қажет, оларды әлемдік тәжірибе есебімен бірыңғайландыру керек, жоғарыда аталған актілерді Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі деңгейінде қабылдап бекіту қажет, Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңындағы олқылықтарды қайта қарастырып алып тастау қажет.

Мәселелердің қатарына тағы нотариустардың біліктілік деңгейінің жетіспеушілігі де жатады. Құқық қолданылатын тәжірибе көрсеткендей, нотариустардың тарапынан қолданыстағы заңды қолдануда көптеген қателіктердің кетуін көрсетті, осының нәтижесінде соттармен қаралатын арыздардың саны көбейді, нотариаттық мәмілелерді жарамсыз деп тану шағымдарының саны артты, тіпті кей нотариустардың үстінен қылмыстық істер де

қозғалуда [4]. Мұндай ахуал, ең алдымен, нотариустардың білімдерінің кәсіби деңгейінің жоғары болуына талаптардың зор болуын қажет етеді, әрі нотариустардың әрекеттерін бақылауды қатандастыру қажет [5]. Осыған байланысты нотариустармен жасалынатын әрекеттерді бақылаудың механизмі мен тәртібін айқын реттеу қажет, сондай-ақ нотариаттық іс-жүргізу ережелерін сақталып сақталмауын да қатаң бақылау керек, нотариаттық іс-әрекетін тоқтатуға себеп болатын негіздерді көбейту және нотариустарды лицензиясынан айыру негіздерін де толықтыру қажет, нотариустардың біліктілігін арттыратын курстарды жиі ұйымдастыру керек.

Мекеменің құрылымын жақсарту мен нотариустардың іс-әрекетін түзеуде әділет басқармасының қызметінің тиімділігі бар [6]. Осылайша, әділет басқармасының тапсырмасы, ол нотариат органы мен нотариаттық іс-әрекетпен тығыз байланысты органдар (жылжымайтын мүлік орталығы, жер комитеттері, соттық органдар) арасын үйлестіру болып табылады. Ол үшін орган қызметкерлеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік құқығын қорғайтын методикалық ұсыныстарды ортақ өңдеу себептеседі, әрі нотариустардың өздерінің жұмысын үйлестіру, нотариустардың іс-әрекеттерін әдістемелік және нормативті қамтамасыз ету себептеседі.

Сонымен қатар, ауылдық жерлерде нотариаттық қызмет көрсетудің жеткіліксіз қамтамасыз етілуі көптеген жылдар бойы келе жатқан мәселе болып қала бермек [7]. Қазіргі таңда нотарустар мемлекетіміздің шет аудандарын ескерусіз қалдырып, көбісі облыс орталықтарында және үлкен қалаларда қызмет атқаруда. Қазіргі таңда бұл мәселе өзекті болып қала бермек. Ол үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне бар мүмкіндігінше шаралар қолдануы қажет.

Қазақстандық нотариаттың дамуына кедергі болатын тағы да себептердің бірі, ол – нотариаттық жүйенің әлемдік қауымдастықтан оқшаулануы, мәселелерді әлемдік тәжірибеде шешу бірден көптеген экономика мен саясат аспектілеріне әсерін тигізеді. Бұл бастапқылық бағдарды іске асыру мақсатында келесідей тапсырмалар қойылған болатын:

Нотариатқа байланысты сұрақтарға арналған семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы халықаралық ұйымдармен өзара бірлесіп әрекет жасау, нотариаттық іс-әрекет аясында жұмыс тәжірибесімен алмасу;

Нотариаттық куәландырылатын құжаттарды әлемдік қалыпқа жақындастыру керек, себебі бұл Қазақстандық нотариустарға шет елде куәландырылған құжаттарды сөзсіз қабылдауға, сондай-ақ шет ел нотариустары үшін де Қазақстанда куәландырылған құжаттарды мінсіз қабылдауға мүмкіндік береді; Халықаралық латын нотариатына қосылу.

Қазіргі таңда Еуропа елдерінде кең ауқымды латын нотариатының қағидаттарын зерделеу бойынша белгілі жұмыстар жүргізілуде. Латын нотариаты құқықтық мемлекетті құрудағы бір элемент болып табылады, әрі халықтың құқықтық қорғанысын қамтамасыз етеді [8].

Енді мемлекетіміздің ең маңызды тапсырмаларының бірі – ол шет ел мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда нотариатты дамыту мен реформалауда дұрыс жолды таңдай білу.

Қорытындылай келе, Қазақстанда нотариат институтын зерттейтін ғылыми зерттеулердің аз екенін, тіптен жоқ екендігін айтып өткен абзал, сондықтан нотариаттың құқықтық базасына салмақты өзгерістер енгізу қажет. Ең бастысы, нотариустың кәсібі – бұл сөзсіз көпшілік биліктің іске асуы, өз ерекшеліктері бар институт екенін, сондай-ақ Қазақстанда тәуелсіз нотариаттың болашағы осыған тәуелді екенін ұмытпаған абзал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз, Алматы: Юрист, 2003 жыл, 7-бет, 1-тармақша, 12-бап
2. Нотариат туралы: 1997 жылғы 14 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Заңы // Заңнамалық актілердің жинағы. Алматы: Юрист, 2004 ж., 2-тармақша, 1-бап.

3. Омарова А. Құқықтық реформа жағдайында нотариат қызметінің мәселелері.// Нотариус бюллетені. Астана, 2001 жыл. №4 басылым, 26-27 беттер
4. Елекеев И.К. Қазақстанда нотариаттың даму перспективалары мен қалыптасуы.// Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалары мен мәлімдемелерінің жинағы, 5 қазан 2002 жылғы. Астана, 2002. 7-14 беттер.
5. Елекеев И.К. Нотариус үшін қаламақы.// Заң газеті. Астана, 2003 жыл. №11 басылым, 1-бет.
6. Жунисова В.Ш. Қазақстан Республикасында нотариат туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігі.// Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалары мен мәлімдемелерінің жинағы, 5 қазан 2002 жылғы. Астана, 2002. 44 бет.
7. Елекеев И.К. Қазақстанда нотариаттың даму перспективалары мен қалыптасуы.// Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалары мен мәлімдемелерінің жинағы, 5 қазан 2002 жылғы. Астана, 2002. 8 бет.
8. Хиллебрандт Ф. Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына Халықаралық қауымдастықтың Латын нотариатының талаптары мен нормаларын ендіру жолдары.// Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалары мен мәлімдемелерінің жинағы, 5 қазан 2002 жылғы. Астана, 2002. 35 бет.

УДК 347.44

ОРГАНЫ И ТКАНИ ЧЕЛОВЕКА КАК ОБЪЕКТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ

Воробьева Екатерина Эдуардовна

Kate456618@mail.ru

Студентка магистратуры Челябинского Государственного Университета

Научный руководитель – Н.А. Новокшонова

Части тела человека, без сомнения, являются специфичным объектом правового регулирования. Но сегодня уже трудно отрицать тот факт, что их использование стало явлением достаточно распространенным. В настоящее время, использование частей тела человека, безусловно, является одним из элементов современной культуры, поэтому необходимо понять, можно ли отнести органы и ткани к объектам гражданского оборота.

Основанием для признания объектом права является возможность вовлечения в гражданский оборот, т.е. доступность объекта, его полезность, способность удовлетворять потребности людей. Органы и ткани человека находят все большие сферы применения, а с развитием медицинской науки увеличивается и польза от их использования. При этом использование этих объектов опережает развитие законодательства и влияет на общественную мораль.

В настоящем исследовании в качестве органа человека рассматривается часть тела (обособленная совокупность различных типов клеток и тканей, выполняющая определённую функцию в живом организме), имеющая определённое функциональное значение после отделения ее от организма (т.е. та часть тела, которая может быть в последующем применена с пользой, например, для трансплантации).

К тканям человека относятся кровь и ее компоненты, кожа, костный мозг, роговица глаза со склерой и проч. Но не стоит забывать, что прогресс медицины и техники позволяет использовать также клетки, части клетки, фрагменты ДНК, гены. Поэтому, когда идет речь об органах и тканях, подразумеваются и их отдельные составляющие.

Все органы и ткани человека принято делить на 3 группы, положив в основу деления причины отторжения и возможности их использования.

Первая группа - трансплантаты, т.е. органы и ткани, которые изымаются в медицинских целях для дальнейшей пересадки. Забор этих органов и тканей влечет временное или постоянное ухудшение состояния здоровья и (или) риск такого ухудшения. В